



Қазақстан Республикасы мен Кувейт Мемлекеті арасындағы Инвестицияларды көтермелесу және өзара қорғау туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2000 жылғы 22 ақпан N 36-II

Эль-Кувейтте 1997 жылғы 31 тамызда жасалған Қазақстан Республикасы мен Кувейт Мемлекеті арасындағы Инвестицияларды көтермелесу және өзара қорғау туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы мен Кувейт Мемлекеті арасындағы
инвестицияларды көтермелесу және өзара қорғау туралы
Келісім

(ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 2001 ж., N 4, 30-күжат)
(1999 жылғы 1 мамырда күшіне енді - "Дипломатия жаршысы" ж.,
Арнайы шығарылым N 2, 2000 жылғы қыркүйек, 93 бет)

Қазақстан Республикасы мен Кувейт Мемлекеті, (бұдан әрі "Уағдаласушы Мемлекеттер" деп аталатын),

- олардың арасындағы экономикалық ынтымақтастықты дамыту үшін, атап айтқанда, Уағдаласушы Мемлекеттің бірінің инвесторларының екінші Уағдаласушы Мемлекеттің аумағындағы инвестициялары үшін қолайлы жағдайлар жасауды көздей отырып,

- инвестицияларын көтермелесу және өзара қорғау екі мемлекеттің іскер инициативасын көтермелесуге және игілігін арттыруға көмектесетінін мойындағы отырып,

төмендегілер жөнінде келісті:

1-бап
Анықтамалар

Осы Келісімнің мақсаттары үшін:

1. "Инвестициялар" термині бір Уағдаласуши Мемлекеттің аумағындағы меншікте тұрған не болмаса екінші Уағдаласуши Мемлекет инвесторының тарапынан тікелей немесе жанама бақыланатын активтердің немесе құқықтардың барлық түрлерін білдіреді және:

(а) қозғалмалы немесе қозғалмайтын мүлік, сондай-ақ соған байланысты жалдау, ипотека, ұстап қалу құқығы, кепілдіктер сияқты мүліктік құқықтар және Уағдаласуши Мемлекеттердің заңдарына сәйкес басқа да құқықтар;

(б) компаниялар, акциялар, салымдар, акционерлік қатысадын басқа да нысандары, сондай-ақ облигациялар, үлестер және компаниядағы борыштар бойынша проценттердің басқа да түрлері және басқа да қарыздар мен заемдар, сондай-ақ Уағдаласуши Мемлекеттің кез келген инвесторы берген құнды қағаздар;

(в) ақшалай талаптар және кез келген активтерге талаптар немесе экономикалық құндылығы бар келісім-шартқа сәйкес орындау туралы талаптар;

(г) интеллектуалдық меншікке құқықтар, бірақ авторлық құқықтармен шектелмей, саудалық белгілер, патенттер, өнеркәсіптік жобалар мен үлгілер, техникалық процестер, ноу-хау, коммерциялық құпиялар, сауда атаулары және гудвилді қоса алғанда;

(д) заңдарға, келісім-шартқа немесе заңға сәйкес берілген қандай да бір лицензиялардың не болмаса рұқсаттардың негізінде кез келген құқықтар, табиғи ресурстарды барлауға, іздестіруге, өндіргуге немесе пайдалануға құқықтарды, сондай-ақ басқа бір экономикалық немесе коммерциялық қызметті не болмаса қызмет көрсетуді жүзеге асыру жөніндегі құқықтар сияқты тұрған немесе нысаны бар активтерді немесе құқықтарды қамтиды.

"Инвестициялар" терминінің сонымен бірге реинвестициялар мақсатында ұсталып қалатын, бұдан әрі терминдер ретінде берілетін "табыстарға", сондай-ақ "таратудан" түскен пайдаға да қатысы бар.

Активтер инвестицияланатын немесе реинвестицияланатын кездегі нысанның кез келген өзгерістері олардың инвестициялар ретіндегі сипатына әсер етпеуге тиіс.

2. "Инвестор" термині Уағдаласуши Мемлекетке қатысты:

(а) мемлекетке тиістілігі бар немесе осы Уағдаласуши Мемлекеттің оның қолданыстағы заңдарына сәйкес азamatы болып табылатын жеке тұлға;

(б) Кувейт Мемлекетінің Үкіметі;

(в) осы Уағдаласуши Мемлекеттің заңдарына және ережелеріне сәйкес институттар, дамыту қорлары, агенттіктер, қорлар сияқты тағайындалған немесе құрылған және заңға сәйкес басқа да мекемелер мен органдар, сондай-ақ компаниялар сияқты кез келген занды тұлға.

3. "Компания" термині оның қаржылық пайданы алу үшін құрылған-құрылмағанынан және аталған компанияның жеке немесе мемлекеттік болып табылатын-табылмайтындығынан не болмаса жеке меншікте тұрғанынан не Үағдаласуши Мемлекет инвесторлары бақылау жасайтын-жасамайтындығынан тәуелсіз Үағдаласуши Мемлекеттің заңдарымен сәйкес құрылған кез келген заңды тұлғаны білдіреді және корпорацияны, трастты, әріптестікті, жеке иеленуді, филиалды, бірлескен кәсіпорынды, ассоциацияны немесе басқа да осыған ұқсас ұйымды қамтиды.

4. "Табыстар" термині төлем нысанынан тәуелсіз, атап айтқанда, бірақ пайданы, проценттерді, капитал өсімінен табыстарды, дивидендтерді, роялтиді, сондай-ақ басқаруды, техникалық көмекті немесе төлемдердің басқа да түрлерін не болмаса комиссиялық, сондай-ақ оның түрінен тәуелсіз заттай төлемді қамтуға міндетті емес, инвестициялар нәтижесінде алынған қаражатты білдіреді.

5. "Тарату" термині инвестициялардан толық немесе ішінара бас тарту мақсатында жүзеге асырылатын тапсыруды білдіреді.

6. "Аумақ" термині халықаралық құқыққа сәйкес белгіленген аумақтық сулардан тыс кез келген аймақты немесе Үағдаласуши Мемлекеттің заңдары бойынша соңынан Үағдаласуши Мемлекет өз егеменді құқықтарын немесе юрисдикциясын жүзеге асыра алатын аумақ ретінде белгіленуі мүмкін кез келген аумақты қоса алғанда, Үағдаласуши Мемлекеттің аумағын білдіреді.

7. "Еркін өтімді валюта" термині Халықаралық валюта қоры Келісімнің баптарына сәйкес және оған енгізілген кез келген өзгеріске сәйкес еркін пайдаланылатын валюта ретінде Халықаралық Валюта Қоры мезгіл-мезгіл белгілейтін кез келген валютаны білдіреді.

8. "Кідіртусіз" термині төлемдерді аудару барысында қажетті формальдылықтарды аяқтау үшін әдетте талап етілетін кезеңді білдіреді. Жоғарыда аталған кезең аударуға сұрау салынған күні басталады және бір айдан аспайды.

2-бап

Инвестицияларға рұқсат беру және көтермелебеу

1. Әрбір Үағдаласуши Мемлекет өз аумағындағы қолданыстағы заңдары мен ережелеріне сәйкес екінші Үағдаласуши Мемлекет инвесторының инвестицияларына рұқсат етеді және көтермелейді.

2. Әрбір Уағдаласуши Мемлекет оның аумағына енгізілген инвестицияларға қатысты оның зандары мен ережелерінде белгіленуі мүмкін көлемде, сол мерзімдерде және сол шарттарда, қажетті барлық рұқсаттарды, келісімді, макұлдауды, лицензияларды және өкілеттіктерді береді.

3. Уағдаласуши Мемлекеттер олардың тиісті аумақтарының шектерінде инвестициялық мүмкіндіктерді ынталандыру мен көтермелеу үшін олар қажет деп санайтын кез келген әдісте бір-бірімен консультация жасай алады.

4. Әрбір Уағдаласуши Мемлекет жеке тұлғалардың келуіне, болуына және жұмысына қатысты оның зандары мен ережелеріне сәйкес, негізгі персоналдың өтініштерін, мемлекеттік тиістілігіне немесе азаматтығына байланыссыз, оның аумағына инвестициялау мақсатында келу, уақытша болу және оның аумағында жұмыс үшін қабылданған басқарушы және техникалық персоналды қоса алғанда, тиісті тұрде зерттейді және қарайды. Осы негізгі персоналдың отбасы мүшелеріне қабылдаушы Уағдаласуши Мемлекетке келу және уақытша болуға қатысты жасалатын режим берілуге тиіс.

5. Инвестицияларға байланысты тауарларды немесе адамдарды тасымалдау қажет болған жағдайда әрбір Уағдаласуши Мемлекет рұқсат етілген шектерде оның тиісті зандары мен ережелеріне сай екінші Уағдаласуши Мемлекеттің кәсіпорындарына осындай тасымалдауға рұқсат береді.

3-бап

Инвестицияларды қорғау

1. Уағдаласуши Мемлекеттің бірінің инвесторларының инвестицияларына екінші Уағдаласуши Мемлекеттің аумағында халықаралық құқықтың жалпы жүрт таныған принциптеріне және осы Келісімнің ережелеріне толық сәйкес әрқашан әділ және тендей режим, сондай-ақ толық қорғау және қауіпсіздік жасалуға тиіс. Уағдаласуши Мемлекеттердің бірде-бірі ешқандай тұрде инвестицияларды пайдалануды, басқаруды, жүргізууді, жұмыс істеуді, кеңейтууді, сатуды немесе басқа да орналастыруды төрелік не болмаса кемсітүшілік шараларын қолдану жолымен бұзбайтын болады.

2. Әрбір Уағдаласуши Мемлекет оның аумағында екінші Уағдаласуши Мемлекеттің инвесторлары жүзеге асыратын инвестицияларға қатысы бар немесе тікелей әсер ететін барлық зандарды, ережелерді, сот шешімдерін, әкімшілік

ережелерді, директиваларды, процедураларды және негізгі бағыттарды назарға жеткізеді.

3. Әрбір Уағдаласуышы Мемлекет инвестицияларға қатысты талаптар қою және құқықтарды жүзеге асыру үшін пәрменді құралдарды қамтамасыз етеді. Әрбір Уағдаласуышы Мемлекет екінші Уағдаласуышы Мемлекеттің инвесторларына өз сот органдарына, әкімшілік сottар, агенттіктерге және төрелік өкілеттігі бар басқа да құрылымдардың бәріне өтініш жасау құқығын, сондай-ақ олардың инвестицияларына қатысты талаптар қою және құқықтарды жүзеге асыру мақсатында қолданыстағы зандарға және ережелерге сәйкес мамандығы бар адамдарға өз қалауы бойынша санкция бергізу құқығына кепілдік береді.

4. Уағдаласуышы Мемлекеттердің бірде-бірі екінші Уағдаласуышы Мемлекет инвесторларының инвестицияларын жасау, сатып алу, кенәйтү, пайдалану, басқару, жүргізу немесе қызмет етуі үшін шарт ретінде энергияны, отынды немесе өндірістің басқа да құралдарын, көлікті сатып алуды шектеуді талап етуі мүмкін не болмаса оның аумағында не одан тысқары жерлерде өнімді жүзеге асырудың кез келген шектеуіне бағытталған, не болмаса өзінің меншікті инвесторларының немесе үшінші бір елдердің инвесторларының инвестицияларының иглілігіне бағытталған іс-қимылдарды жасауга және екінші Уағдаласуышы Мемлекет инвесторларының инвестицияларына қатысты кемсітушілік сипаты бар кез келген басқа да мәжбүр етушілік шараларды қолдана алмайды.

Бұдан басқа қабылдаушы Уағдаласуышы Мемлекет аумағындағы инвестицияларға олардың өмір сұру қабілетіне зиян келтіруі немесе оларды пайдалануға, басқаруға, жүргізуге, жұмыс істетуге, кенәйтүге, сатуға немесе кез келген басқа орналасуына теріс әсерін тигізуі мүмкін талаптар қойылмауға тиіс.

5. Қабылдаушы Уағдаласуышы Мемлекеттің аумағында екінші Уағдаласуышы Мемлекеттің инвесторларының инвестицияларына халықаралық құқықтың тиісті құқықтық процедуралары мен принциптеріне сәйкес сондай-ақ, осы Келісімнің тиісті ережелеріне сәйкес қабылданатын шараларды қоспағанда, секвестр, тәркілеу немесе кез келген басқа да осыған ұқсас шаралар қолданылмауы тиіс.

6. Әрбір Уағдаласуышы Мемлекет өз аумағындағы екінші Уағдаласуышы Мемлекет инвесторларының тарапынан инвестицияға қатысты ол қабылдай алатын барлық міндеттемелер мен кепілдіктерді сақтайтын болады.

1. Әрбір Уағдаласуши Мемлекет оның аумағындағы екінші Уағдаласуши Мемлекет инвесторларының тарапынан жүзеге асырылған инвестицияларды пайдалануға, басқаруға, жүргізуге, жұмыс істетуге, кеңейтуге және сатуға, сондай-ақ кез келген басқа орналастыруға қатысты ол осындай жағдайларда өзінің меншікті инвесторларының немесе кез келген үшінші мемлекеттің инвесторларының инвестицияларына жасайтын режимінен мейлінше қолайлысын жасайды.

2. Сонымен бірге осы Баптың ережелері Уағдаласуши Мемлекеттердің бірін екінші Уағдаласуши Мемлекет инвесторларына:

(а) Уағдаласуши Мемлекеттердің бірі қатысушысы болып табылатын немесе болуы мүмкін кез келген кедендік одақтан, экономикалық одақтан, еркін сауда аймағынан, валюта одағынан немесе кез келген аймақтық экономикалық келісімнің кез келген басқа нысанынан;

(б) кез келген халықаралық аймақтық және екі жақты келісімнен немесе осыған үқсаған басқа да келісімнен, сондай-ақ салық салуға толық немесе ішінара қатысы бар ішкі заңдардан туындайтын қандай да бір режимнің, преференциялардың және артықшылықтардың басымдылығын беруге міндеттейді деп түсінілмеуге тиіс.

5-бап

Зиян немесе шығын үшін өтемақы

1. Егер Уағдаласуши Мемлекеттердің бірінің инвесторлары жүзеге асырып жатқан инвестицияларға екінші Уағдаласуши Мемлекеттің аумағындағы соғыстың немесе басқа қарулы жанжалдың, төтенше жағдайдың, көтерілістің, қоғамдық тәртіпті бұзушылықтың, бүліктің, жаппай тәртіпсіздіктердің не болмаса басқа да осыған үқсас оқиғалардың нәтижесінде зиян немесе шығын келтірілсе, екінші Уағдаласуши Мемлекет реституцияға, өтемақыға, есесін толтыруға немесе басқа да реттеуге қатысты

өз инвесторларына не болмаса кез келген үшінші мемлекеттің инвесторларына жасағаннан қолайлылығы кем болмайтын мейлінше қолайлы режимді жасайды.

2. Осы тармақта аталған кез келген оқиғаларда Уағдаласушы Мемлекеттің

бірінің инвесторлары, 1-тармақтың ережелерін қозгамай, екінші Уағдаласушы Мемлекеттің аумағында:

(а) олардың меншігін немесе оның бір бөлігін оның күштері немесе өкімет орындары реквизициялаған;

(б) олардың меншігін немесе оның бір бөлігін ұрыс қимылдарынан болмаған немесе қажеттілік талабы тұмаған жағдайда оның күштері немесе өкімет орындарының жоюы нәтижесінде зиян немесе шығын шегіп жатса,

дереу реквизицияның немесе олардың меншігін жоюдың нәтижесінде шеккен зиянның немесе шығынның есесі әділ, барабар және тиімді түрде толтырылуға тиіс.

6-бап Экспроприация

1. (а) Уағдаласушы Мемлекеттің бірінің инвесторларының екінші Уағдаласушы Мемлекеттің аумағында жүзеге асырылған инвестицияларын, осы Уағдаласушы Мемлекеттің ішкі қажеттіліктеріне қатысты мемлекеттік мүдделерде кідірусіз барабар және тиімді өтемақымен және осындай шаралар кемсітушіліксіз негізде әрі қолданылып жүрген құқықтық процедураларға сәйкес жүзеге асырылатын жағдайдан басқа, екінші Уағдаласушы Мемлекет экспроприацияламайды, мемлекет меншігіне алмайды, ие болу құқығынан айырмайды немесе экспроприацияға, мемлекет меншігіне алынуға не болмаса ие болу құқығынан айыруға (бұдан әрі "экспроприация" деп аталатын) барабар тікелей немесе жанама шараларға мәжбүр етпейді;

(б) Мұндай өтемақы экспроприацияланған инвестициялардың нарықтық құнын көрсетуге және экспроприация туралы алдындаған хабарландыру берілген кезеңге экспроприацияланған инвестициялардың әділ нарықтық құнының негізінде халықаралық түрғыда танылған принциптерге сәйкес белгіленуге әрі есептелуге тиіс. Мұндай өтемақы бағалау күніне валюта айырбастаудың жалпы нарықтық валюталық ставкасының негізінде инвестор таңдаған еркін өтімді валютада есептелуге және нарықтық негізде белгіленген коммерциялық ставка бойынша проценттерді қамтуға тиіс, бірақ ақыр соында экспроприация күнінен бастап төлем күніне дейін "Либордың

" ағымдағы проценттік ставкасынан немесе оның эквивалентінен кем болмайды;

(в) Егер жоғарыда аталған нарықтық әділ құн оңай белгілене алмаса, өтемақы инвестицияланған капитал, инвестициялардың сипаты мен ұзактығын, құнының есесін толтыру, құнын көтеру, ағымдағы табыстар, дисконтты ақшалай құн, номиналдық құн және гудвил сияқты барлық тиісті факторлар мен жағдайларды ескере отырып, тендік принципінде белгіленуге тиіс.

Өтемақының соңғы белгіленген сомасы инвесторға дереу төленуге тиіс.

2. 1-тармақта аталған принциптер түрғысында және инвестордың осы келісімнің 9-бабында көзделген құқықтарын қозғамай, зиян шеккен инвестор, оның инвестицияларының құнын және экспроприацияны жүзеге асыруши Уағдаласушы Мемлекеттің сот немесе басқа да құзыретті және тәуелсіз органдарының өтемақыны төлеуін қоса алғанда, оның ісін дереу қараудың құқына ие болуға тиіс.

3. Бұдан да анығырақ болу үшін, экспроприацияға екінші Уағдаласушы Мемлекеттің инвесторы инвестицияларды жүзеге асырып жатқан акцияларға, салымдарға, үлестерге және басқа да құқықтарға немесе проценттерге ие болуды қоса алғанда, Уағдаласушы Мемлекеттің өз аумағындағы қолданыста жүрген зандарға сәйкес құрылған компаниялардың немесе кәсіпорындардың активтерін экспроприациялаған жағдайлар кіреді.

4. Осы Келісімнің мақсаттары үшін "экспроприация" терминіне, сондай-ақ de facto жүзінде тәркілеу немесе экспроприациялық нәтижесі бар, оның кезінде бұлардың іс-қимылдары инвесторды іс жүзінде оны меншігінен, оның инвестицияларына қатысты бақылау мен елеулі жеңілдіктерден айыру немесе инвестицияларды тоқтату және жауып тастау не болмаса инвестицияларға соттық немесе шектен тыс салық алу, инвестициялардың бәрін немесе бір бөлігін міндепті түрде сату, не болмаса осыған ұқсас іс-қимылдар не шаралар сияқты инвестициялардың экономикалық құнына зиян немесе шығын әкелуі мүмкін, Уағдаласушы Мемлекет тарапынан араласу не болмаса реттеу шаралары да кіреді.

7-бап

Инвестицияларға қатысты төлемдерді аудару

1. Әрбір Уағдаласушы Мемлекет екінші Уағдаласушы Мемлекеттің инвесторларына инвестицияларға байланысты оның аумағына немесе оның аумағынан тыс жерлерге,

төмендегі аударымдарды қоса алғанда, төлемдердің еркін аударымына кепілдік береді:

- (а) инвестицияларды басқару мен дамытуды қолдау үшін бастапқы капитал, сондай-ақ кез келген қосымша капитал;
- (б) табыстар;
- (в) несие беру туралы келісімге сәйкес жүзеге асырылған негізгі және жинақталған проценттік төлемдердің амортизациясын қоса алғанда, келісім-шартқа сәйкес төлемдер;
- (г) 1-баптың 1-тармағында (г) көзделген құқықтарға қатысты роялти және комиссиялық;
- (д) инвестицияларды түгел немесе оның бір бөлігін сатудан немесе таратудан түскен пайда;
- (е) инвестицияларға байланысты шетелден тартылған персоналдың жалақысы мен сыйақысының басқа түрі;
- (ж) 5 және 6-баптарға сәйкес өтемақылардың төлемі;
- (з) 8-баппен көзделген төлемдер; және
- (и) дауларды шешуден туындайтын төлемдер.

2. 1-тармаққа сәйкес төлемдердің аударымы, заттай түрдегі төлемдерді қоспағанда, еркін өтімді валютада кідірусіз және шектеусіз жүргізілуге тиіс. Талап етіліп отырған аударымдарды жүзеге асыру кезінде мұндай кідіріс болған жағдайда зиян шеккен инвестор осы кідірудің кезеңі үшін процент алу құқығына ие болуға тиіс.

3. Аудару аударылуы қажет валютаны аудару күніне қарау қабылдаушы Уағдаласуши Мемлекеттің аумағында қолданыста жүрген "спот" валюталық нарықтық ставка бойынша жүзеге асырылуға тиіс.

Шетелдік валютаны айырбастау үшін рынок болмаған жағдайда қолданылатын ставка ішкі инвестицияларға қолданылатын ең соңғы ставканы немесе Халықаралық Валюта қорының ережелеріне сәйкес белгіленген айырбастау ставкасын, не болмаса қарыз алудың арнайы құқықтарына валютаны немесе АҚШ долларын өтімді ету үшін, инвестордың қалауына байланысты, айырбас ставкасын құрайтын болады.

8-бап

Суброгация

1. Егер Уағдаласуши Мемлекет, оның өкілетті агенттігі немесе осы Уағдаласуши Мемлекетте ("Өтеуші Тарап") ол тағайындаған және құрған кез келген басқа тарап екінші Уағдаласуши Мемлекеттің ("Қабылдауши Мемлекет") аумағындағы инвестицияларға қатысты ол өзіне алған өтемақыға немесе кепілдікке сәйкес төлемдерді жүзеге асырса, Қабылдауши Мемлекет:

(а) Өтеуші Тарапқа, заңға немесе осы инвестициялардан туындайтын барлық құқықтар мен тараптардың құқықтық мәмілесіне сәйкес тапсыруды;

(б) Өтеуші Тараптың барлық құқықтарды жүзеге асыру және талаптар қою, сондай-ақ суброгацияға қарай инвестицияларға қатысты өзіне барлық міндеттемелерді алу құқын таниды.

2. Өтеуші Тарап барлық жағдайларда мыналарға:

(а) жоғарыда аталған 1-тармақта көзделгендей, бір-біріне беру негізінде алынған құқықтар мен талаптарға, сондай-ақ оларда бар міндеттемелерге қатысты сол режимге;

(б) осы құқықтар мен талаптарға сәйкес алынған кез келген төлемдерге құқы болуға тиіс;

Әйткені бастапқы инвестор аталған инвестицияларға қатысты осы Келісімнің негізінде бұл құқықтарға ие болды.

9-бап

Уағдаласуши Мемлекет пен инвестордың арасындағы дауларды шешу

1. Уағдаласуши Мемлекет мен екінші Уағдаласуши Мемлекет инвесторының арасында біріншінің аумағындағы соңғының инвестицияларына қатысты даулар мүмкіндігінше достық әдіспен шешілуге тиіс.

2. Егер мұндай даулар дау тараптарының бірі екінші тарапқа жазбаша мәлімдеме жіберу жолымен достық қалыпта шешілуді талап еткен күннен бері алты айлық кезең ішінде шешілмесе дау инвестор-тараптың таңдауы бойынша шешу үшін келесі әдістердің бірі арқылы:

(а) дауды шешу жөніндегі алдын ала келісілген кез келген қолданыстағы процедурага сәйкес;

(б) осы Баптың келесі тармақтарына сәйкес халықаралық төрелікке берілуге тиіс.

3. Егер инвестор дауды шешу үшін халықаралық төрелікке өтініш жасамақ болса, ол келесі органдардың бірінің дауды шешуіне жазбаша түрде өзінің келісімін береді:

(а)(1) Егер екі Уағдаласуши Мемлекет Вашингтон Конвенциясының қатысушылары болып табылса және Вашингтон Конвенциясын осы дауға қолдануға болатын болғанда, 1965 жылғы 18-наурызда Вашингтонда қол қою үшін ашылған Мемлекеттер мен басқа мемлекеттер азаматтарының арасына туындайтын инвестициялық дауларды шешу жөніндегі конвенцияға ("Вашингтон Конвенциясы") сәйкес құрылған Инвестициялық дауларды шешу жөніндегі халықаралық орталық ("Орталық");

(2) Егер инвестордың Уағдаласуши Мемлекеті немесе дау тарабы - Уағдаласуши Мемлекет, бірақ екеуі де емес, Вашингтон Конвенциясының қатысушылары болып табылса, Орталық Хатшылығының сот ісін қарауды жүзеге асыруы үшін Қосымша өкілеттіктерді реттейтін ережелерге сәйкес Орталық;

(б) БҰҰ-ның Халықаралық сауда құқығы жөніндегі комиссиясының (ЮНСИТРАЛ) төрелік ережелеріне ("Ережелер") сәйкес құрылған Төрелік сот, өйткені бұл ережелерді дау тараптары өзгертуі мүмкін (Ережелердің 7-бабында көзделгеніндей Тағайындалған орган "Орталықтың" Бас хатшысы болып табылады);

(в) осы дау тараптардың арасындағы өзара келісілген кез келген төрелік институтының төрелік ережелеріне сәйкес құрылған Төрелік сот.

4. Инвестордың 3-тармаққа сәйкес төреліктің қарауына дауды жібере алатынына қарамастан, ол төрелік іс қараудың басталуына дейін немесе соның кезінде дау тарабы - Уағдаласуши Мемлекеттің сотына немесе әкімшілік сотына өз құқықтары мен мұдделерін сақтау мақсатында, бұған қандай да бір зиянды өтеу жөніндегі талаптарды қоспағанда, уақытша соттық тыйым салу үшін өтініш жасай алады.

5. Эрбір Уағдаласуши Мемлекет осымен инвестициялық дауды 3 а) және (б) тармағына сай немесе 3 (в) тармаққа сәйкес осы дауды екі тараптың өзара келісімі бойынша инвестордың таңдауына сәйкес міндетті күші бар төреліктің қарауына беруге сөзсіз өзінің келісімін береді.

6. (а) 5-тармаққа сәйкес берілген келісім, сондай-ақ 3-тармаққа сәйкес берілген келісім дау тараптарының жазбаша келісімінің талаптарына жауап беруге және Вашингтон Конвенциясының II бөлігінің ережелеріне, Қосымша өкілеттік ережелеріне, 1958 жылғы 10-маусымда Нью-Йоркта қабылданған Халықаралық Төрелік шешімдерді тану және қабылдау жөніндегі БҰҰ Конвенциясының 2-бабының ("Нью-Йорк Конвенциясы") және ЮНСИТРАЛ Төрелік ережелері 1-бабының ережелеріне сәйкес келу керек.

(б) Осы Бапқа сәйкес дау тараптары өзара келіскең кез келген Төрелік іс қарау Нью-Йорк Конвенциясына қатысушы-мемлекетте өтуге тиіс. Төреліктің қарауына ұсынылған талаптар Нью-Йорк Конвенциясының 1-бабына сәйкес коммерциялық қарым-қатынастар мен мәмілелерден туындаушы ретінде қаралуға тиіс.

(в) Уағдаласуши Мемлекеттердің бірде-бірі, екінші Уағдаласуши мемлекет

осындағай дау бойынша өтелуге тиіс төлемнен жалтара бастамаса, кез келген төрелік сотқа қатысты дипломатиялық қорғауды жасамайды немесе халықаралық талапты қоймайды. Мұнымен бірге осы тармақшадағы дипломатиялық қорғауға мақсаты дауды шешүге көмектесу ғана болып табылатын, ресми емес дипломатиялық алмасулар кірмейді.

7. Осы Бапқа сәйкес тағайындалған Төрелік сот дау мәселелерін дау тараптарымен келісілген құқықтың нормаларына сәйкес қарайды. Мұндай келісуашілік болмағанда жеке құқық нормалары және халықаралық құқықтың осы Келісімнің тиісті ережелерін ескере отырып қолданыла алатын, жұрт таныған нормалары пайдаланылуы мүмкін.

8. Вашингтон Конвенциясының 25-бабының (2) (б) мақсаттары үшін, 6-тармақпен көзделген жазбаша келісімнің күнінен қарай дау тарабы - Уағдаласуышы Мемлекетінің мемлекеттік тиістілігіне ие және оның осы Уағдаласуышы Мемлекеттің арасында дау туғанға дейін екінші Уағдаласуышы Мемлекеттің инвесторлары бақылап отырған жеке тұлғадан өзге, инвестор "екінші Уағдаласуышы Мемлекеттің мемлекеттік тиістілігіне ие" ретінде қаралуға тиіс және Қосымша өкілеттіктер ережелерінің 1-бабына (6) сәйкес "екінші мемлекеттің мемлекеттік тиістілігіне ие" ретінде қаралады.

9. Проценттерді беру туралы шешімді енгізе алатын төрелік соттың шешімдері дау тараптары үшін соңғы және міндетті болып табылады. Әрбір Уағдаласуышы Мемлекет кідіртпей осы шешімді орындауды және өз аумағында осы шешімнің тиімді түрде еркінен тыс орындалуын қамтамасыз етеді.

10. Уағдаласуышы Мемлекет пен екінші Уағдаласуышы Мемлекет инвесторының арасындағы инвестициялық дауға қатысты кез келген шешімді немесе анықтауды кез келген іс қаруа, соттық, төрелік барысында немесе өзге де мәжбүр етушілікпен орындау кезінде Уағдаласуышы Мемлекет қорғану ретінде өзінің егемендік тиіспеушілігін пайдаланбайды. Кез келген қарсы талап немесе сот есебінің құқығы мүдделі инвестордың қамсыздандыру туралы келісім-шартқа сәйкес өтемді немесе қандай да бір үшінші тарап мәлімдеген зиянның барлығына немесе бір бөлігіне өзге де өтемақыны алған-алмаған, оның мемлекеттік немесе жеке болып табылатынынан тәуелсіз, екінші Уағдаласуышы Мемлекетті және оның бөлімшелерін, агенттіктерін немесе делдалдарды тағайындауды қоса алғанда, фактісіне негізделуі міндетті емес.

10-бап

Уағдаласуышы Мемлекеттердің арасындағы дауларды шешу

1. Уағдаласуши Мемлекеттер осы Келісімді түсіндіруге және қолдануға қатысты кез келген дауларды мүмкіндігінше консультациялар өткізу немесе басқа дипломатиялық жолмен шешуге тиіс.

2. Егер дау Уағдаласуши Мемлекеттердің бірі осындай консультацияларды өткізу немесе осындай дауды басқа дипломатиялық жолмен шешу туралы сұрау салған күннен кейін келесі алты айдың ішінде шешілмесе және, егер Уағдаласуши Мемлекеттер жазбаша түрде өзгесі туралы уағдаласпаған болса, Уағдаласуши Мемлекет екінші Уағдаласуши Мемлекетке жазбаша мәлімдеу жолымен дауды осы келісімнің келесі ережелеріне сәйкес *ad hoc* төрелігінің қарауына тапсырады.

3. Төрелік сот келесі түрде құрылады:

әрбір Уағдаласуши Мемлекет бір өкілден тағайындаиды және осы екі өкіл екі Уағдаласуши Мемлекет төрелік соттың Төрағасы етіп сайлайтын үшінші мемлекеттің азаматына қатысты мәселені шешеді. Бұл өкілдер екі ай ішінде, ал Төраға Уағдаласуши Мемлекеттердің бірі екінші Уағдаласуши Мемлекетке дауды төрелік соттың қарауына тапсыратын ниеті туралы хабар берген күннен бастап төрт айдың ішінде тағайындалады.

4. 3-тармақта белгіленген кезеңдердің ішінде жоғарыда айтылғанға қол жетпесе, Уағдаласуши Мемлекеттердің бірі өзге келісу болмағанда Халықаралық соттың Президентін қажетті тағайындауларды жүргізуге шақыра алады. Егер Халықаралық соттың Президенті Уағдаласуши Мемлекеттердің бірінің азаматы болып табылса немесе қандай да бір басқа себеппен аталған функцияны жүзеге асыруға жіберілмейтін болса, онда қажетті тағайындауларды жүргізу үшін Халықаралық соттың Вице-Президенті шақырылатын болады. Егер Вице-Президент Уағдаласуши Мемлекеттердің бірінің азаматы болып табылса немесе, егер ол да аталған функцияны орындауға жіберілмейтін болса, онда Халықаралық соттың Уағдаласуши Мемлекеттердің ешбірінің азаматы болып табылмайтын, қызметі жағынан келесі мүшесі қажетті тағайындауларды жүргізу үшін шақырылады.

5. Төрелік сот өзінің шешімін көпшілік дауыспен шығарады. Мұндай шешім осы Келісімге және халықаралық құқықтың қолданылуы мүмкін, жұрт таныған нормаларына сәйкес шығарылуға тиіс және Уағдаласуши Мемлекеттердің екеуі үшін соңғы және міндетті болып табылады. Эрбір Уағдаласуши Мемлекет төрелік соттың осы Уағдаласуши Мемлекет тағайындаған мүшесін ұстau жөніндегі шығындарды, сондай-ақ төрелік іс қарауға өзінің қатысуымен байланысты шығындарды мойнына алады. Екі Уағдаласуши Мемлекет теңдей үлестерде төрелік сот Төрағасын ұстau жөніндегі шығындарды, сондай-ақ төрелік іс қарауға байланысты басқа да шығындарды мойнындарына алады. Сонымен бірге төрелік сот өз қалауы бойынша шығындардың көпшілік бөлігін немесе бәрін Уағдаласуши Мемлекеттердің біріне

жүктей алады. Басқа жағдайларда төрелік сот процедураның өзінің меншікті ережелерін белгілейді.

11-бап

Уағдаласуши Мемлекеттердің арасындағы қарым-қатынастар

Осы Келісімнің ережелері Уағдаласуши Мемлекеттердің арасындағы дипломатиялық немесе консулдық қарым-қатынастарды орнағанынан тәуелсіз қолданылуға тиіс.

12-бап

Басқа да ережелерді қолдану

Егер Уағдаласуши Мемлекеттердің кез келгенінің қазіргі қолданыстағы заңдарында немесе халықаралық құқықтан туындайтын міндеттемелерде, не болмаса осы Келісімге қосымша ретінде Уағдаласуши Мемлекеттер соңынан белгілеген міндеттемелерде екінші Уағдаласуши Мемлекет инвесторларының инвестицияларына осы Келісімде көзделгеннен қолайлырақ режим беретін жалпы немесе жеке сипаттағы ереже болса, мұндай ережелер осы Келісіммен салыстырғанда инвесторлар үшін олардың қолайлырақ болып табылатын көлемінде қолданылуға тиіс.

13-бап

Осы Келісімнің қолданылу саласы

Осы Келісім екінші Уағдаласуши Мемлекеттің аумағында Уағдаласуши Мемлекеттің бірінің инвесторларының қазіргі бар немесе ол күшіне енген соң жүзеге асырылған инвестицияларының бәріне қолданылады.

14-бап

Күшіне енуі

Әрбір Уағдаласуши Мемлекет осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті ішкі мемлекеттік процедураларды оның орындағаны туралы екіншісіне мәлімдейді және осындай мәлімдемені алған соңғы күннен бастап 30-күні осы Келісім күшіне енеді.

15-бап

Қолданыс мерзімі және қолданыстың тоқтатылуы

1. Осы Келісім 30 жыл ішінде қолданыста болады және, егер Уағдаласуши Мемлекеттердің бірде-бірі бастапқы немесе келесі мерзім біткен соңғы екінші Уағдаласуши Мемлекетке жазбаша түрде осы Келісімнің қолданысын тоқтататын ниеті туралы хабарламаса, осындай мерзімге және мерзімдердің ішінде күшінде қала береді.

2. Осы Келісімді тоқтату туралы мәлімдеме күшіне енетін күнге дейін жүзеге асырылған инвестицияларға қатысты осы Келісімнің ережелері осы Келісімнің қолданысы тоқтатылған күннен бастап 20 жыл бойында күшінде қала береді.

Осыны қуәландыру үшін екі Уағдаласуыш Мемлекеттің тиісті тұрде өкілеттік алған өкілдері осы Келісімге қол қойды.

Эль-Кувейт қаласында 1997 жылғы 31 тамызға сәйкес келетін 141 күні екі тұпнұсқа данада, қазақ, араб және ағылшын тілдерінде жасалды, сондай-ақ барлық мәтіндердің күші бірдей. Мәтіндерді түсіндіруде пікір алшақтықтары туған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтін басым болады.

Қазақстан Республикасы үшін

Кувейт Мемлекеті үшін

Оқығандар:

Омарбекова А.Т.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық акпарат институты» ШЖҚ РМК